

Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 4 шілдедегі № 6 "Сарыбұлақ ауылының көшелері мен құрамдас бөліктеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 27 қарашадағы № 3 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Қобда аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 6 желтоқсанда № 3-7-185 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Қобда аудандық Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 4 шілдедегі № 6 "Сарыбұлақ ауылының көшелері мен құрамдас бөліктеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-7-116 санымен тіркелген, 2011 жылғы 18 тамызда аудандық "Қобда" газетінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің деректемелерінде "Сарыбұлақ" сөзі "Сарыбұлақ" сөзімен ауыстырылсын;

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Сарыбұлақ ауылының тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 2 маусымдағы № 3 хаттамасы негізінде, Қобда ауданы Сарыбұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**"

2. "Сарыбұлақ ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Қобда аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жариялған күнен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

Сарбұлақ ауылдық округінің әкімі

Е. Утегенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК